

Қазақстан Республикасының 1993 жылы туған еркек жынысты азаматтарын 2010 жылы шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 13 шешімі. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 ақпанда № 9-20-169 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасын басшылыққа ала отырып Федоров ауданының ә к і м д і г і **Ш Е Ш Т І :**

1. "Қостанай облысы Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне 1993 жылы туған Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарды аудан аумағында тіркеуді 2010 жылғы қаңтар-наурызда ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Федоров селосында тіркеу орнын ұйымдастырсын.

3. "Федоров аудандық орталық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері "Қостанай облысы Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірге (келісім бойынша) тіркелу жөніндегі і с - ш а р а л а р д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Федоров селосының және селолық округтер әкімдеріне:

1) тіркеу үшін комиссияға азаматтардың келуін қамтамасыз етсін;

2) шақыру учаскесіне азаматтарды жеткізу үшін жеткізу кезінде қолайсыз жағдайлардан сақтану үшін адамдарды жіберсін.

5. "Федоров ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін жүргізу байланысты іс-шараларды қаржыландыру "Қостанай облысы Федоров ауданының әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қорғаныс" бағдарламасы бойынша шығындар сметасында көзделген қаржылар есебінен жүзеге асырсын.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн мерзімі өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Федоров ауданының әкімі

А. Корниенко

КЕЛІСІЛДІ

*"Қостанай облысы Федоров
ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлім" мемлекеттік*

м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғ ы
----- А. Н и к и ф о р о в
31 желтоқсан 2009 жыл
"Федоров аудандық орталық аурухана"
 мемлекеттік коммуналдық қазыналық
 кәсіпорынның бас дәрігері
----- В. Ф и н к
31 желтоқсан 2009 жыл